

1801 жылы сұлтан Шаншар Сұлтанмаматов Император Александр І-дің тәж кигізу жорасына (таққа отырған монархқа тәж кигізу рәсімі) қатысқан.

1803 жылы мен 1806 жылы сұлтан (осы кезде «капитан» атағын алған) Тәтен Ұрұсов оның ағасы Пшен Ұрұсовпен бірге Ішкі Орданың петерборлық сұлтандар делегациясының құрамында болған. 1809 жылы сұлтан Арық Ұрұсовқа жалақысы тағайындалған. 1813 жылы Тәтен Ұрұсов «Ресейде мәңгілік қоныста тұратын қырғыздарға салық салу мәселесінде көмектескені үшін» «майор» атағын алған екен. Кейін, 1823 жылы петерборлық делегацияның құрамына оның ұлы Боба Тәтенов енген. 1817 жылы сұлтан Бөкей Сұлтанмаматов обер-офицер шенін алған [1].

1833 жылғы санақ бойынша Басетиінді болыстың сұлтандарының тізімі:

Лауазымды кеңесші Пшен Ұрұсов, Боба Тәтенов, Бұра Шаншаров, Тарақшы Пшенов, Ханқожа Тәтенов, Бүлен Шаншаров [2].

1838 жылы Боба Тәтенов (авт.еск.: екі жылдың ішінде қызмет атқарды) Баян-Ауыл аймағының аға сұлтан болып сайланған. Барлық зерттелінген дереккөздер бойынша 1834-1844 жылдардың аралығында 8 дәрежелі сұлтан Боба Тәтенов оң жағадағы қазақтардың сұлтанына бағынышты болған.

1844 жылдан бастап Ханқожа Тәтенов – осы өңірдегі оң жағадағы қазақтарды басқаратын сұлтан. 1852 жылғы Ханқожаның формулярлық тізімі:

Капитан Ханқожа Тәтенов, Баян-Ауыл аймағының аға сұлтаны, 47 жаста, магоментандық дін ұстанышы. Ерекше марапаттар жоқ. Жалақысы: 343 рубль, күміспен 10 тиын. Өзі штаб-офицер балаларынан болады, сұлтанның ұлы. Ешқандай білім беретін мекемелерде білім алмаған еді. 1830 жылғы 24 қазанда өз қызметіне деген ынтасын үшін капитан шенін алған. 1833 жылдың 20 ақпанында ресейлік үкіметке адалдығы үшін Батыс Сібірдің генерал-губернатор мырзасы оған мәуіті шекпен сыйлаған. Тобольск қаласында болған кезінде тақ мұрагері бірден оған 300 руб. (1836 жылғы 18 мамырдағы ассигнациялармен) сыйға берген. Қырғыз халқының сайлауымен өз қызметіне кіріскен, бұл 1844 жылғы 15 қаңтарда Батыс Сібір генерал-губернатор мырзасымен бекітілген; ол белгіленген аймақтың ішінде көшпелі халыққа басшылық еткен. 1851 жылғы 24 қазанда халық сайлауымен аға сұлтан болып тағайындалған, осы қызметінде генерал-губернатор мырзасымен бекітілген. Жорықтарға қатыспаған. Соған қабілетті және лайықты. Әйелдері – Айнажан Уәлиева және Жанбөбке Бөкеева. Балалары: 1828 жылдың 19 қазанында Серғазы дүниеге келген, 1831 жылдың 11 қарашасында – Арынғазы, 1843 жылдың 15 ақпанында – Бексұлтан, 1850 жылдың 13 мамырында – Бұлқайыр, 1837 жылдың 10 наурызында – қызы Дюржан. Әйелдері мен оның балалары онымен бірге тұрады.

1852-1853 жылдардың аралығында Ханқожа Тәтенов – Баян-Ауыл аймағының Аға-Сұлтаны. 1872 жылы оның ұлы Бексұлтан Сәмек-Басетиінді аймағы «Төре» ауылының биі болып тағайындалған.

Маралды болысы. Ресми хроника

1878 жылы Семей губерниясының Павлодар уезінен Маралды болысы болып бөлінген. Бұрын Сәмек-Басетиінді болысы болған.

Осы кезде Төре руынан Маралды шатқалында тек Ұрұс ұрпақтары тұра берген. Шаншар Сұлтанмаметовтың барлық ұрпақтары Семей уезінің Бесқарағай болысында тұрған.

1875-1878 жылдардың аралығында Бексұлтан Ханқожин болысты басқарған. 1880 жылы Бәстемий Арынғазиді болыс бастығы болған. Ол 1908 жылға дейін осы қызметін атқарып жүрген, кейін ұлы Мағауя әкенің жұмыс жолын жалғастырады. «Төре» ауылдарының билері: Бексұлтан Ханқожин, Баязыт Уәлиев-Бопын, Әлмұхамбет Арынғазы-Тәтенов, Бегім Ермеков.

1899 жылы Бәстемий Арынғазиді-Тәтеновқа оның қызметі үшін Станислав лентасындағы алтын медаль берілген.

1898 жылғы Шербин деректерінде былай деп жазылған: «Төре» ауылдары Қарағай-бұлақ, Арал-төбе, Бас-ағаш шатқаларында, Маралды көлінің жанында, орналасқан болатын.

1901 жылдың маусымында болыс басқарушысы Бәстемий Тәтеновқа II дәрежелі Құрметті шапан берілген. 1901 жылдың 28 тамызында сұлтан Бәстемий Тәтеновқа алтын жүзік берілген. 1902 жылдың 15 маусымында Бәстемий Тәтеновқа «мал ұрлауды жойылғаны үшін» I дәрежелі Құрметті шапан тапсырылған. 1904 жылдың 12 қарашасында сұлтан Бәстемий Тәтеновқа алғыс жарияланған. 1907 жылы ол Семей облысынан Мемлекеттік Думаға (қазақ халқынан) мүшелерді сайлаушы болып тағайындалған.

1908 жылдың 21 ақпанында Мағауя Бәстемиев болыс бастығы болып жұмыс істеген. 1908 жылдың 17 шілдесінде қызметінен босатылған. Оның орнына Әйткен Жанқозин келген. Бұрын бұл болыс 1910 жылдың 11 ақпанында ауырып қалып, уақытша демалысқа кетіп қалған.

1913 жылдың 28 қарашасында болысты Баттал Бийсенев басқарады [3].

1929 жылғы санақ бойынша сұлтандардың барлық ұрпақтары «Бекайдар-бұлақ» өңірінде тұрып жатқан [4].

1830 жылғы ұжымдастырдан, мүлікті тәркілеуден кейін және аштықтан кейін 1932 жылы мұндағы тұрғындар саны 534 адамнан 127 адамға дейін азайды.

Дәурен Аяшинов,

тарихшы-өлкетанушы

Дереккөздер:

1. РФ ОМТМ. ПМ-нің земстволық бөлімі. Ф-1291. Оп 81. Қырғыз, башкир, қалмық және Сібірде мекендейтін басқа халықтардың жер құрылысының істері. 1792-1866 жж. Санкт-Петербург қаласы.
2. ҚР ОММ. Ф- 338.Оп-1. № 727 іс. Семей округінде тұрғындардың және мал санағы. 1833 ж., 159 п.
3. Орыс деректеріндегі Қазақстан тарихы (ОДҚТ), 8 т., 1-ші том, 2-ші б.. ҚР ОММ мәліметтері бойынша. Алматы 2006 ж.
4. Семипалатинские областные ведомости. 1872-1913 жж. РҰК. Санкт-Петербург қ.. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). Ф-30. Павлодардық.